

*Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров
атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық
мектеп-интернат» КММ*

Қыркүйек айында атқарылған жұмыстың есебі

*Орындаған әлеуметтік педагог:
Ж.Қ.Лесбаева*

Атбұлақ 2024жыл

Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров атындағы
№5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернат»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024-2025 оқу жылындағы
қыркүйек айында әлеуметтік педагогтың атқарған жұмыстарының есебі

- Сынып жетекшілер, тәрбиешілер, сынып оқушыларымен танысу
- Әлеуметтік мәртебесіне байланысты оқушылармен жұмыс жоспарын құру, жұмыс бумасын жүргізу
- Цифрлық сауаттылықты арттырып отыру (*НОВД, Bilimland платформасы*)
- Сынып жетекшілерден оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайын зерттеу жөнінде мәліметтер жинау;
- Мектеп оқушыларының әлеуметтік картасын және картотекасын жасау
- Жетім және ата-ананың қамқорынсыз қалған балаларды анықтау, тізімін
- Әлеуметтік мәртебеге ие отбасынан шыққан
 - Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар;
 - Сәтсіз отбасынан шыққан оқушылар;
 - Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар;
 - Толық емес отбасынан шыққан оқушылар;
 - Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар;
 - Өгей әкемен ұл бала, қыз балалар;
 - Өгей анамен ұл бала, қыз балаларды анықтау
- Сынып жетекшілердің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен, заңды өкілдерімен байланысын қадағалау
- Мектеп асханасынан тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды анықтау және тізімін жасау, құжаттарын жинақтау, рәсімдеу
- Мектептің әлеуметтік куәлігін (паспорт) құру.
- «Жат әрекеттен сақтан» мектепшілік рейд, оқушылардың ішкі тәртіп ережесін бұзбауын қадағалау
- «Инабат» қыздар кеңесіне қатысу. Жылдық жоспарға сәйкес әр айда қыздармен лекция, семинар өткізу
- Әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылар арасынан мектепте ыстық тамақты ұйымдастыру, олардың уақытылы тамаққа баруын қадағалау
- Ата-аналар жиналысына қатысу
- Қазан айына апталық, айлық жоспар құру.

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айынан бастап мектеп оқушылардың құжаттары толығымен тексеріліп, әлеуметтік мәртебеге ие оқушылар тізімі нақтыланып, әлеуметтік мәртебеге ие оқушылардың анықтамалары толтырылды. Жалпы сыныптар бойынша сараптама жасалынып, мектептегі оқушы саны - 336, оның ішіндегі 190 - ұл бала, 146 - қыз бала, толық отбасы саны - 310, толық емес отбасы саны 22 - оқушы екендігі анықталды. Жартылай жетім бала саны 11 – оқушы; анасы жоқ бала саны - 3 оқушы, әкесі жоқ бала саны – 8 оқушы. Көп балалы отбасынан шыққан оқушы саны -272, мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі - 2 оқушы екендігі нақтыланды.

Мектеп-интернат асханасынан тегін тамақпен қамтамасыз етілетін оқушылардың құжаттарын жинақтап, комиссия мүшелерінің тексерулерімен 20%-дық тамақ құнынан босатылған балалардың саны 31 оқушы болды. Осы оқушыларға әлеуметтік сараптама жасалынып, сынып жетекшілер мен сынып тәрбиешілермен бірге жұмыс жасап, оқушылардың әлеуметтік тұрмыс жағдайы жөнінде зерттеу мәліметтері жинақталды. Ата-аналармен хабарласа отырып, ата –аналарының білімі жайында мәлімет алынды. Жоғары, жоғары білімнен кейінгі оқу орнында білім алған 452 ата-ана, техникалық және кәсіптік білім алған 9 ата-ана, орта білім алған ата-ана саны - 188 болып мәліметке енгізілді. Жоғарыда берілген мәлімет бойынша мектептің әлеуметтік паспорты түзілді.

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
	Барлық оқушылар	336	100%
	Отбасы түрі бойынша:		
1.	Толық отбасылар	310	92,2 %
2.	Толық емес отбасылар	22	6,5 %
3.	Анасы жоқ балалар	3	0,8 %
4.	Әкесі жоқ балалар	8	2,3 %
5.	Көпбалалы отбасы	272	80,9 %
6.	Аз қамтамасыз етілген отбасы	31	9,2 %
7.	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	-	-
8.	Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар	2	0,9%
9.	Азаматтығы жоқ білім алушылар	-	-
10.	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	-	-
11.	Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	-	-
12.	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	-	-
	Ата-аналарының білімі:		
1.	Жоғары, жоғары білімнен кейінгі	452	74%
2.	Техникалық және кәсіптік	9	0,4%
3.	Орта	188	57%

- Цифрлық сауаттылықты арттырып отыру (*НОВД, Bilimland платформасы*). Мектеп паспортының қорытындысы бойынша (*НОВД, Bilimland платформасы*) мәліметтер енгізілді.

Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды оқулықпен қамтамасыз етілуін кітапхана меңгерушілері Айжамал Абдуллаева мен Меруерт Биходжаевамен бірге жұмыс жасалды. Оқушылар оқулықтармен толық қамтамасыз етілді.

- «Жат әрекеттен сақтан» мектепшілік рейд, оқушылардың ішкі тәртіп ережесін бұзбауын қадағалау

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И.Бегайдарова, педагог – психолог А.Ниязбекова, интернат меңгерушісі С.Халжановпен бірлесе отырып оқушылардың ішкі тәртіп ережесін бұзбауын қадағалау бойынша тексерулер жүргізілді. Сыныптар бойынша толығымен тексеру жүргізіліп, оқушыларға мектептің ішкі ережесі толығымен таныстырылды.

- «Инабат» қыздар кеңесіне қатысып, жылдық жоспарға сәйкес қыркүйек айында қыздармен жиналыс өткізілді.



Әлеуметтік педагог:

Лесбаева Жанат Қарсыбайқызы